

ЖАҢА СӨЗДЕР

- Анықтама – справка
- Жоспар – план
- Анықтама беру – дать справку
- Тұратын жер – место жительства
- Жеңілдік – льгота
- Борыш – долг
- Лауазым – должность

- Хабарлама – сообщение
- Дәлелді себеппен – по уважительной причине
- Талдау, талқылау – обсудить
- Жазаға тарту – наказание
- Мойнына алу - признание

АНЫҚТАМА

- **Анықтама** - белгілі бір деректі дәлелдейтін, растайтын, сипаттайтын құжат. Ол көп жағдайда жеке адамға байланысты нақты ақпаратты растау үшін беріледі. Мысалы, тегі, туған күні, туған жері, қызмет орны, жалақысы, еңбек өтілі, отбасы жағдайы, оқу орны және тағы басқалар туралы мәліметтер. Берілетін анықтамалар нөмірленеді, егер бірнеше дана берілсе, ол да көрсетіледі. Мысалы: 124/2
- Анықтама мазмұны қысқа болады. Ең алдымен жолдың ортасынан "Анықтама" деген сөз, сосын азат жолдан анықтама мәтіні жазылады. Онда анықтама кімге, не үшін берілгені және қай мекемеге берілгені көрсетіледі. Соңында анықтаманы беруші мекеме басшыларының қолы қойылып, мекеме мөрі басылады және жарамдылық мерзімі жазылады.

ТҮСІНІКТЕМЕ

- Қызметтің қандайда бір болмасын бір жарлықты орындамау немесе тәртіп бұзу себептерін түсіндірген құжат түрі. Түсініктеме (объяснительная) қалыпты қағазға қолмен жазылады.
- Онда кәсіпорынның құрылымдылық бөлімшенің атауын құжат түрі, күні, тақырыбы, мәтіні жазылады, қолы қойылады.
- Түсініктемеге қосымшалар (анықтама, жол билеті т.б.)

Анықтама

Осы анықтама Оспанова Сабина Болатқызының 2014-2019 жылдар аралығында Орал ақпараттық технологиялар колледжінің есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыздандыру бөлімінде іштей оқығандығын растайды.

Анықтама Сырым аудандық оқу бөлімінің кадр бөліміне көрсету үшін берілді.

Бөлім меңгерушісі

Д.Н. Шаяхметов

2020 жылдың 6 қазаны

«Асан» ЖШС-нің директоры
Б.К.Ашбалов мырзаға
серіктестік жұмысшысы
Қ. Рахымбаевтан

Түсініктеме

Мен 12 - 15 мамыр күндері ауырып қалуыма байланысты жұмысқа шыға алмадым. Хабарласуға мүмкіншілігім болмады.

Қосымша: емханадан анықтама тіркеймін.

ҚОЛЫ

18.05.2020

ТАПСЫРМА

1. Мәтінді қазақ тіліне аударыңыз.

Настоящая справка выдана Берикболовой Индире Сериковне, уроженке села Бесагаш Талгарского района Алматинской области в том, что в период с 1989 по 1994 гг. она действительно обучалась на заочном отделении Алматинского индустриального колледжа.

2. Сөйлемдерді дұрыс құрастырыңыз.

1. Қазақстан Республикасы Халық банкінің/
/жетекші маман/болып қызмет істейді/
№154 филиалында.
2. Анықтама/ ішкі істер бөліміне/ Әуезов
аудандық/ тапсыру үшін/ Алматы қаласы/
берілді.
3. Анықтама / 1 айға / күннен бастап /дейін
/жарамды / берілген.